Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Қаратау каласы № 23 « 07 » наурыз 2023 жыл

Бұдан әрі, тапсырыс беруші деп аталатын «Талас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан (БСН 050240007904) мекеме басшысы Алтишев Еркин Оразович бір тараптан және кызмет көрсетуші деп аталатын ЖШС «Самұрық-Тараз» (бұдан әрі мердігер) (БСН 060440002289) атынан кәулік негізінде әрекет ететін басшысы Назымбеков Ерлан Айдарбекович екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар 2015 жылғы 4 желтоксандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) 39 бап 3 тармак 4 тармақшасына (еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындауы салдарынан, оның ішінде төтенше жағдайлардын салдарларын оқшаулау және (немесе) жою үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі. тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыр жолдарындағы, газ құбыр жолдарындагы аварияларды жою үшін және медициналык араласу қажеттілігі үшін, сондай-ақ коммуникациялардын, тетіктердің, агрегаттардын, қосалқы белшектердін және материалдардың тасымал жолында дереу калпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін кызметтерді сатып алу) сәйкес төтенше жағдай кезінде жобалық сметалы құжаттарын жасау жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді.

1.Шарттың мәні

1.1 Мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған косымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарга сәйкес және баға бойынша «Жамбыл облысы, Қаратау қаласындағы №3 ықшам ауданындағы №5 тұрғын үйдің шатырын күрделі жөндеу» жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған жұмысты (Жұмыстарды) кабылдауға және Мердігер Шарт бойынша оз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті:

1.2 Жұмыстар төтенше жагдай кезінде Қаратау қаласы бойынша кайта калпына келтіру жұмыстарына жобалық сметалык құжаттама дайындау нысаны бойынша орындалады.

2. Шарттың сомасы және акы төлеу шарттары

2.1 Шарттын жалпы сомасы 34 384 284.48(отыз төрт миллион үш жүз сексен төрт мың екі жүз сексен төрт) теңге қырық сегіз тиын құрайды және жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлык шығыстарды, сондай-ак Казакстан Республикасынын заннамасында кезделген барлык салыктар мен алымдарды, оның ішінде ККС 3 684 030.48 (үш миллион алты жүз сексен төрт мың отыз) тенге қырық сегіз тиын.

2.2 Орындалган жұмыстар үшін акы төлеуді Тапсырыс беруші Тараптар Орындалган жұмыстар актісіне кол койган куннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Мердігердін іс жүзінде есеп шотына акша каражатын аудару жолымен төлейді.

2.3 Акы төлеу алдындагы кажетті құжаттар:

1) аумактық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) орындалған Жұмыстардың актісі;

3) аткарылған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша есеп;

4) шот-фактура:

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1 Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алган міндеттемелердін толык және тиесілі орындалуын камтамасыз етуге;

2) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуга;

3) Мердігердін Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе езге зансыз іс әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

4) Тапсырыс берушіге орындалган жұмыстар актісін жіберуге;

5) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот фактуралардын акпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру кағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардын ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға;

6) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы телеуді талап етуге;

3.2 Тапсырыс беруші:

1) Орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Мердігерді хабардар етуге;

2) Жұмыстарды қабылдау кезінде орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде онын қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

3) Орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондык шот-фактуралардын акпараттык жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда беру қағидаларына сәйкес электрондык шот-фактуралардын акпараттык жуйелері аркылы электрондық нысанда Мердігер жазган шот-фактураны кабылдауға;

4) Осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде акы төлеуді жүргізуге жазып міндеттенеді.

5) Орындалған жұмыстардың сапасын тексеруге;

4.Тараптардың жауапкершілігі

4.1 Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаган жагдайда осы Шарт шеңберінде барлык даулар мен келіспеушіліктер Казакстан Республикасының колданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.
4.2 Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алган жагдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0.1% мелшерінде тұраксыздык айыбын (айыппұл, өсімакы) ұстап калады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаган (ішінара орындамаған) жагдайда орындалмаган міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұраксыздык айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап калады (өндіріп алады). Бұл ретте тұраксыздык айыбынын (айып пұлдың, өсім ақының) жалпы сомасы Шарттық жалпы сомасының 10% артық болмауы тиіс.

4.3 Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге кажетті күннын немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес турде тузетулер енгізіледі, ал Шартқа сайкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің тузетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

4.4 Мердігердін осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінін алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді.

5.Кепілдік. Сапа

5.1 Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелерінің техникалық ерекшеліктерге сәйкес болатынына, Жұмыстардың оның сапасын техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгерістерді қамтитын Жұмыстар ақаулы деп танылады. Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Орындаушы беретін кепілдіктерге кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Орындаушы материалдар мен жабдықтардың сапасының техникалық ерекшеліктерге сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды береді.

5.2 Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті кепілдік мерзімі 3 жылға береді.

5.3 Мердігер/Орындаушы орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Орындаушы жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

6. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

Шарт бойынша жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 2 ай ішінде.

Шарт Тапсырыс беруші оны Казакстан Республикасы Қаржы министрлігінін аумактық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді жане 31 желтоқсан 2023 жылға дейін қолданылады.

7.Даулы мәселелерді шешу

Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе соған байланысты олардын арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды Қазакстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

8.Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

«Талас ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ
Жамбыл облысы Талас ауданы, Қаратау қаласы, Достық алаңы №1
БСН: 050240007904
БСК: KKMFKZ2A
ЖСК: KZ98070103KSN2110000
Мекеме басшысы _____ Е.Алтишев

Орындаушы:

ЖШС « Самұрық-Тараз »
БСН/ЖСН: 060440002289
Банк атауы:
«Банк Центр Кредит» АҚ
ЖСК: KZ898560000000217805
БСК: KCJBKZKX
Мекен-жайы:
Тараз қаласы, Төле би даңғылы №232

Директор: _____ Е.Назымбеков